

местного населения. Но все, же даже в трудные минуты воины-интернационалисты находили положительные моменты в своих буднях, и даже пытались отмечать праздники такие, как новый год. К сожалению, о повседневных бытовых условиях и трудностях мало описывается в исторической литературе. Благодаря воспоминаниям солдат, мы попытались восполнить «белые пятна» об этой войне.

Литература:

1. ГАКО Ф. 1475
2. Челпанова Д.Д. Воспоминания ветерана Афганской войны 1979-1989 гг.: интервью с Безбородых И.Н. (часть I) //Новое прошлое/The New Past. – М., 2019. – №3. – С. 43-56.
3. Гревцова Т.Е. Повседневность Афганской войны (1979-1989 гг.) в воспоминаниях ее участников //Новое прошлое/The New Past. – М., 2019. – №3. – С. 65-69.
4. Интервью с Мальцевой Т.Е. записано Баспаковой М.Е. в 2019 г.

Берікбай А.О., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, КФ-31 тобы студенті.

(Ғылыми жетекшісі – ф.э.к., доцент Рахымберлина С.А.)

КОНТРАСТ МӘНДІ ТОПОНИМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Барлық тілдегі жер-су атауларының жиынтығы, тобы ғылыми тілде топоним деп аталады. Топонимдер – кез келген елдің, халықтың өткені мен бүгінін, кешегі күні мен ертеңін жалғайтын, оларды бір-бірімен сабақтастыратын өзек. Ұлан-ғайыр жеріміздегі жер-су атаулары халқымыздың сан ғасырлық тарихынан елес береді. Қазіргі топонимикалық зерттеулер Асан Қайғы, Әбілғазы Баһадүр, Мәшһүр Жүсіптің ой-пікірлерінен, Ш.Уәлиханов, Т.Шонанұлы, М.Әуезовтің еңбектерінен бастау алғаны анық. М. Әуезов: «Біздің қазақ, жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп жазады. Шындығында да, бір ғана жер-су атауының өзінде қаншама сыр, шежіре, бір елдің тарихы жатады.

Жер-су атаулары қоршаған табиғатпен, түрлі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістермен етене байланысты. Жер-су аттарының пайда болуы тұрғысынан келгенде, көптеген аңыз, ертегі, әпсана да туындаған. Бұл ретте біз топонимика саласының фольклортану ғылымына да қатысы бар дей аламыз. Жер-су аттары, сонымен қатар қоғам дамуына орай, бір немесе бірнеше атауға алмасып отырған. Ұлттық топонимикамызда ежелден келе жатқан, мағынасы күнгірттенген атаулар, жалпытүркілік дәуірдегі атаулар, араб-парсы, моңғол тілдерінен кірген атаулар, орыс тілінен енген атаулар жүйесі, байырғы және қазіргі қазақ атаулары кездеседі. Ономастикада топонимдер ең көп зерттелген сала болып табылады. Дегенмен, контраст мәнді топонимдер туралы зерттеулер аз кездеседі. Біз осы мәселені зерделеу барысында Қазақстанның әр аймағынан және белгілі бір өңірде қатар кездесетін қарама-қарсы мәнді топонимдерді жинақтадық.

Қазақ топонимдерінің қомақты бір тобы шаруашылыққа қолайлылығына қарай «**жақсы**» // «**жаман**», «**суық**» // «**жылы**», «**тәтті**» // «**ащы**» сияқты антоним сын есімдерден аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Осы тәсілмен түр-түс атауларының қатысуымен де жасалатынын байқаймыз. Айталық, «**ақ**» және «**қара**». Бұл түстер өзара біріне-бірі қарама-қарсы келеді. Мұны лингвистикада контраст деп атасақ, лексикологияда антонимдер деп атайды.

Түр-түс атауларымен байланысты жер-су атауларының қандай да бір себеппен туындағаны анық. Көшпелі халық, әлбетте, әр жердің, таудың, тастың қыр-сырын ежелден білген. Бабаларымыз ертеректе дүниені төртбұрышты деп санып, төрт бұрышты төрт түрлі түспен бейнелеген. Көне түркілердің тіршілігінде ақ түс күншығысты бейнелесе, ата-бабамыз қара түспен солтүстікті бейнелеген.

1) «**Ақ**» компонентімен біріге жасалған жер-су атаулары қазақ топонимикасында өте жиі кездеседі. Айталық, *Аққұм, Ақбұлақ, Ақбастау, Ақтөбе, Ақжал, Аққұдық, Ақтау, Ақадыр, Ақсу, Ақжар, Ақкөл, Ағеспе (Ақеспе), Ақбас, Ақсеңгір* т.б. Дәл сол секілді «**қара**» компоненті арқылы жасалған топонимдер де аз емес. Мәселен, *Қаратау, Қарабұлақ, Қаражал, Қаражар, Қараеспе, Қарабел, Қарасор, Қараадыр, Қараменді, Қаракөл, Қарамола, Қарақойтас, Қарасиыр, Қарабастау, Қаратай* сынды т.б. атаулар. Ақ пен қара түстер өзара контраст түстер болғанымен, топонимдерді

атағанда олардың түсін ғана емес, сипатын, сапасын, көлемін, кейде басқа да қасиеттерін көрсетіп отырады. «Ақ» сөзі кейбір топонимдерде жер-су атауының түсін білдірсе (Ақтау, Ақтаутас), келесі атауларда тікелей түсті емес, «ағын, ағу» деген (Ақкөл, Ақбұлақ, Ақсу); Аққұм, Ақеспе атауларында «сусымалы, ақпа» мағынасында қолданылады. Ал «қара» сөзінің топонимдік мәніне келер болсақ, ол да «ақ» секілді сан қилы болып келеді. «Қара» деген сөз де нәрсенің түсін көрсетіп қана қоймай, «үлкен», «көп», «көлемді», «қалың» деген сөздермен синонимдес жұмсалады.

Орталық Қазақстанда Ақадыр және Қараадыр атты топонимдер бар. Біз бұл қос атауды өзара қарама-қарсы, яғни контраст түстерден жасалған топонимдер деп танымыз. Мұндағы, Ақадыр – елді мекен, көпшілікке «Ақадыр» теміржол станциясы арқылы таныс атау. Ақадырдың этимологиясына тоқталсақ, бұл атаудағы «ақ» сөзінің түске ешбір қатысы жоқ. Ақ – өсімдік түрін білдіреді: «... біз ақ отты адырдан келеміз». Қараадыр да елді мекен атауы, «адыр – дөңес, белесті жер» [1, 18-б.]. Бұл атаудың да қара түске қатысы жоқ. Мұнда «Қара отты адыр» мағынасында қойылған. «Қалың адыр» мағынасында да айтылуы мүмкін деген болжамымыз бар.

Ақбұлақ пен Қарабұлақ Қазақстанның барлық жерінде кездесетін атау. Көбінде бұлақ, құдық, қыстау, елді мекен атауы. Оңтүстік аймақта ауылдық елді мекеннің атауы, еліміздің батысында бұл атау бұлақ, жер атауын білдіреді. Көне түркі тілінде ақ (ағын) және бұлақ сөздерінен құралып, «ағынды бұлақ» мәнінде аталған. Ал, «Қарабұлақ» – Оңтүстіктегі елді мекен атауы. Қарабұлақ – таза су, қара су, мөлдір су деген мағынада аталыпты. Олай дейтін себебіміз: бұл мекеннен Ақсу, Машат, Арыс өзендері және бұлақтар ағып өткендіктен «Қарабұлақты» ертедегі халықтар «шарап сулы аймақ» деп атаған екен. «Ақтау» – Қазақстанның әртүсындағы елді мекен, қыраттардың атауы. Бұл тау жыныстарының түсіне қарай айқындалған атау. Яғни, ақ түске тікелей қатысты. Қаратау – Қазақстанның оңтүстік-шығыс атыраптарындағы дара таулардың, тау жоталарының, биік қыраттарының атауы. «Бұл атаудағы «қара» сөзі түспен байланысты, өйткені Қаратауда өзге ұлы таулардағыдай қар жаз бойы ұзақ жатпайды, еріп кетеді», – дейді Э.М.Мурзаев [2, 63-б.]. Орталық Қазақстандағы «Қарасу» – өзен атауы. «Қарасу» – кішігірім өзен, сай-жыралардан, жер астынан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы «қара» сөзі байырғы түркі тілдес халықтарда «жер, топырақ» мағынасында қолданған [3, 151-б.]. Бұған қарама-қарсы Ақсу атты өзен атауы «таза, мөлдір» мағынасында аталған.

«Аққұдық» – құдық, бұлақ атауы. Орталық Қазақстанның Жаңаарқа ауданында орналасқан бұл сөздің этимологиясы құдық қазғанда топырақ түсінің ақ болуына орай да аталуы мүмкін [3, 152-б.]. «Аққұдық» атауы кей жерлерде «құдықтың суға толып тұрғанын» білдіреді. «Ақжал» - Қарағанды облысындағы тау, жал, жұмысшы кент аттары. Бұл топонимнің берер мағынасы «ұзыннан-ұзақ ағарып, бозарып созылып жатқан жал» дегенді білдіреді. Ал, «Қаражал» – биік жал ұғымын береді. Осы топоним негізінде аталған Қарағанды облысына қарасты қала атауы бар. «Ақсеңгір» – төбе, дөң, өзен, елді мекен атаулары. «Ақсеңгір» сөзіндегі ақ және сеңгір компоненттерінің этимологиясы туралы кереғар пікірлер бар. Еліміздің батысындағы «Ақсеңгір» – төбе басындағы тас жыныстарының (бор, мәрмәр) немесе топырақ бетінің ақшыл түсті болуына байланысты аталса керек. Ал, Тарбағатайдың бір сілемі – «Қарасеңгір», ол – «үлкен сеңгір» деген мағынаны білдіреді. Түсіндірме сөздікте «Сеңгір» сөзіне – зәулім, биік, заңғар деген анықтама берілген [1, 726-б.].

Топонимдер құрамындағы «**жақсы**», «**жаман**» контраст мәнді анықтауыштарға да бірнеше мысал келтірсек. Жаңаарқа, Шет аудандары арқылы ағып өтетін Жақсы Сарысу және Жаман Сарысу деп аталатын өзендер бар. Жақсы Сарысу – жақсы, сары, су сөздерінен құралған атау. Сарысу атауының мағынасы Е.Қойшыбаевтың пікірінше, «*кең су*» [4, 104-б.], Э.Мурзаевтың ойынша: «*лайсаң, балишықты, сары саз аралас, тұнық емес су*». Осы пікірлерді негізге ала отырып, *Жақсы Сарысу* – «суы мол, түсі сарғыш келген, айнала алқабы көгал, шалғынды үлкен өзен» дегенді білдіреді деп ойлаймыз. *Жаман Сарысу* – бұл атау өзен суының сарғыш, лайсандығына орай аталған болса керек. Ұлан-ғайыр жеріміздің орталығында *Жақсы Қарт* және *Жаман Қарт* таулары орындыққан. Ел аузында таудың бұлай аталуына байланысты біраз аңыз-әңгімелер де айтылып жүр. Бір-бірін сүйген екі жас «Жақсы қарт» тауына тығылғанда, қуғыншылар қолына түспей, аман құтылады. «Жаман қарт» тауында қуғыншылар қолына түсіп, армандарына жете алмапты. Содан бүгінгі күні екі тау «Жақсы қарт» және «Жаман қарт» деп аталып кеткен екен. «Жаман Қарт» – қазақ этнонимінің атауы. Зерттеушілер түпкі Жаманқара этнонимінің көпше түрі (Жаманқара-Т) айтыла келе, соңғы -а формасынан айырылып Жаман Қарт аталып кетуі де мүмкін екенін айтады [2, 107-б.].

Ономаст ғалым Т.Жанұзақ Жаманқара атауын талдау нәтижесінде былай деп ой қорытады: «Жаман» сөзі топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдіреді» [5]. «Құрамында «жаман» сөзі келетін жер-су аттары республиканың барлық аймағында кездеседі. Ол

«нашар» мағынасында қолданылса, тәжік, монғол тілдеріндегі «чаман» сөзінің дыбыстық жақтан өзгерген түрінде қолданылады. Тәжік тіліндегі «чаман» – «көк шалғын», «майса», «жазық алаң». Оған тәжік тіліндегі «Чаманбұлақ», «Чаманкулы» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы ч-ш дыбыстары ж дыбысына алмасқан сияқты» деген нұсқалары да кездеседі [5]. Демек, топоним құрамындағы «жаман» сөзінің мағынасы екінші компонентке байланысты болуы мүмкін. Ғалым Е. Қойшыбаев «жақсы-жаман» бинарлы оппозициялы сөздердің семасиологиялық мәнінен басқа ономазиологиялық мәні болатынын да айта келе, этнонимдер құрамында ерекше мәнге ие болатынын ескерткен. Ғалымның айтуынша, «Жақсы» атауы жеке келсе, ертедегі ру атауына байланысты дегенді білдіреді. Ал «жаман» сөзі топоним құрамында «кіші» деген мәнге де ие бола алады [6].

Б. Бияров **«жаңа-ескі»** бинарлық ұғымдарға қатысты мынадай деректерді келтіреді: «Жаңа сын есімі тіркесті топонимдер де жасайды және өзен, судың «жаңа арнаға аунауын»; елді мекеннің «жаңа орынға көшірілуін»; «жаңа өмірге, қоғамдық құрылысқа ауысқанын» т.б. білдіреді» және «Ескі» сын есімі «көне, ескірген» мағынасын беріп, жаңа сын есіміне бинарлық позицияда болады. Сонымен бірге «тозған, бұрынғы, дағдылы» сияқты семалық реңктері де бар» [7]. Сонымен қатар **«үлкен-кіші»** ұғымдарына қатысты: «Кіші сын есімі «кішкентай, шағын, азғантай» көлемдік мәндері арқылы жер-су атын жасауға қатысады. Алайда біріккен атауларға қарағанда, үлкен сын есіміне қарсы мәнде қолданылатын тіркесті атаулар басым болып келеді», – дейді [7]. Біз «үлкен» және «кіші» контрасттарына Жамбыл облысындағы жер-су аттарын мысал етейік. Кіші Аса – Үлкен Аса, Кіші Алмалы – Үлкен Алмалы, Үлкен Бақалы – Кіші Бақалы, Кіші Арбатас – Үлкен Арбатас, Кіші Ащы – Үлкен Ащы, Қызылорда облысындағы Кіші Арал – Үлкен Арал, Алматы облысындағы Үлкен Алмалы көлі – Кіші Алмалы сынды гидронимдер. Бұлардың бәрі де Б.Бияров айтқандай, «кіші» кішкентай, шағын болғандықтан, «үлкен» көлемді болғандықтан қойылған атаулар екен. Үлкен Бурылтау мен Кіші Бурылтау оронимдеріне келсек, бұл да тура солай, яғни таудың биік бөлігі **«үлкен»** де, аласа, жоталы жерлері **«кіші»** деп аталған. Сондай-ақ, **«Бала»** сөзімен келген жер-су атаулары «кейін пайда болған, жас» мағынасын беретіні анықталды. Мысалы, Бала Дересін (сай-сала, ауыл), Бала Ақжал (тау), Бала Ғауырдан (құдық), Бала Желкекті (тау), Бала Қаратөбе (тау), Бала Көкпекті (тау), Бала Шоқыман (тау). Балатеңіз – Арқадағы және Балқаш көлі атырабындағы көлдер аты. Балатеңіз – «Теңіздің» немесе «Үлкен көлдің» бір бөлігі мәніндегі атау. Себебі, географиялық нысанның көлеміне қарай «үлкен» және «кіші» анықтауыштарымен келген атаулар осыны дәлелдейді: «Үлкен»: Үлкен Ақсай (қыстақ, Ақт.), Үлкенжөргем (құдық, Ақт.), Үлкен Қаракөл (көл, Ақт.), Үлкен Қарсоба (таулар, Ақт.), Үлкен Қараша (қыстақ, Ақт.), Үлкенөгіз (таулар, Ақт.), Үлкен Табаққалған (тау, Ақт.), Үлкен (төбе, зират, Ж.), Үлкен Ақтай (ауыл, Ж.), Үлкенбұлақ (бұлақ, Ж.);

«Кіші» анықтауышымен тіркескен: Кіші Ақсай (қыстақ), Кіші Желтау (таулар), Кіші Қаракөл (өзен), Кіші Қушоқы (тау), Кіші Сарышаған (сай-сала), Кішкене Табаққалған (тау); Солтүстік Қазақстан облысында *Ұзынөзек* – Шолақөзек атты елді мекен, Ұзын Қарасу – Келте Қарасу деген гидронимдер бар. Жоғарыда келтірген мысалдарда «ұзын» сөзі біздің ойымызша, тура мағынасында нысанның сызық бойымен созылып, ұзарғанын ғана емес, сонымен қоса көлемі жағын да көрсетеді.

Қорытындылай келе, зерттеулерді негізге ала отырып, құрамында **«ақ»**, **«қара»** сынды түр-түс атаулары кездесетін күрделі аталымдардың түстік мағынадан алшақтап, бағыты басқа заттық түсініктердің белгісі болғанын байқадық. Яғни, біз күнделікті қолданып жүрген түс атауларымен келген есімдер олардың тек қана түр-түсіне байланысты емес, көлеміне, сапасына, басқа қасиеттеріне де байланысты аталған. Мыңдаған ғасырлық тарихы бар қазақ даласының атауларының осы күнге жетуіне олардың жайдан-жай атала салмағаны себеп болса керек. Әр жердің, тау мен тастың, өзен мен көлдің, ойыс пен шұқырдың атауының сырын білу үшін құрғақ сөз айтуға болмайды. Керісінше, сол атаулардың тарихына терең үңіле білу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
2. Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алматы: Наука, 1963. – 187 с.
3. Аршабеков Т.Т. Қарағанды облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 382 б.
4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
5. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: "Сөздіксловарь", 2010. – 356 б.
6. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
7. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2013. – 460 б.